




БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
М. Рысбеков
2021 ж.

**«ОҚМА» АҚ-ның МАГИСТРАТУРА, РЕЗИДЕНТУРА,
ДОКТОРАНТУРАҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
ЖӘНЕ АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ
П 044/267-2021**

Күні	Көшірмесі	Басылым
		Үшінші

Шымкент

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 2 беті


ДАЙЫНДАЛДЫ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ «ОҚМА» АҚ Тіркеу офісімен

«01» 06 2021 ж., хаттама № 1

КЕЛІСІЛДІ «ОҚМА» АҚ сапа бойынша Кеңесімен


«02» 06 2021 ж., хаттама № 5

Тексеру жиілігі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 3 беті

Мазмұны

1.	Терминдер, анықтамалар, белгілер, қысқартулар.....	4
2.	Жалпы ережелер.....	4
3.	Үрдіс сипаттамасы	5
3.1	Оқуға қабылдау тәртібі.....	5
3.2	Магистратурада кешенді тестілеу және резидентурада түсу емтихандарын өткізу тәртібі.....	9
3.3	Апелляциялық комиссиялар жұмысы.....	14
3.4	Білім алушылар қатарына оқуға қабылдау тәртібі.....	15
3.5	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуға қабылдау тәртібі.....	17
	Қосымшалар.....	19

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 4 беті

1. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР

«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы,
ЖОО	- жоғары оқу орны,
ЖЖОКБҰ	- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары,
СМЖ	- Сапа менеджменті жүйесі,
КТ	- Кешенді тестілеу.


2. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік ұйымдастыру-өкімдік құжаттарын, Қоғамның жарғысын, қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.
ISO 9001:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.
PK 044/001-2018	Сапа бойынша басшылық.
СТ 044/002-2018	Ішкі нормативтік құжаттарды басқару.
СТ 044/004-2018	Қызметтік құжаттарды басқару.
СТ 044/007-2018	Жазбаларды басқару.
СТ 044/009-2018	Жақсартуларды жоспарлау.
СТ 044/010-2018	Басшылық тарапынан талдау.
СТ 044/020-2018	Ішкі тексерулер.
СТ 044/021-2018	Сәйкессіздіктерді басқару, түзету шаралары.

1. ««Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау Ережелері және алдына-ала іріктеу тәртібі» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі бекіткен 31 қазан 2018 жылғы №600 (өзгерістер мен толықтырулар 24 мамыр 2021 жылғы №241) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес дайындалды.

2. Осы Ереже оқуға қабылдау және "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ЖОО құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 5 беті

3. Магистранттар, докторанттар мен резидентура тындаушыларын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ЖОО басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Докторантураға және резидентураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған ЖОО кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ рәсімімен таныстыруды жүзеге асырады.


3. Үрдіс сипаттамасы

3.1 Оқуға қабылдау тәртібі

1. Магистратураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі - КТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде, докторантураға және резидентураға – түсу емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2. Шетелдіктерді магистратура, докторантура мен резидентураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

3. Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасудың нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 6 беті

сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесіне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады.

5. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау комиссиясы және/немесе акпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін жүргізеді.

6. Докторантураға өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесі мен 3 тамызына дейін жүргізіледі. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4-нен 20 тамызына дейін өткізіледі.


7. Резидентураға түсушілердің өтініштерін қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 3-25 шілде аралығында өткізеді. Қабылдау емтихандары күнтізбелік жылдың 8-16 тамыз аралығында өткізіледі.

8. Білім алушылар қатарына қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.

9. Магистратураға немесе резидентураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 1 қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарт) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

11. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік акпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі	Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 7 беті

12. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы колхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

13. Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды карау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

14. Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті караудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

15. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖОО қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

16. Құжаттарды қабылдағаннан кейін академия ректоры көрсетілетін қызмет алушыны ЖОО магистранттары немесе резидентура тыңдаушылары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.


17. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

18. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына (бұдан әрі - Заң) сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

19. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 8 беті

шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

20. Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 22 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (қабылдау комиссиясы арқылы) немесе портал арқылы осы Үлгілік қағидаларға I қосымшаға сәйкес Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

21. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

22. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.


23. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

24. Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

25. Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

26. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖОО қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

27. Құжаттарды қабылдағаннан кейін академия ректоры көрсетілетін қызметті алушыны докторанттар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 9 беті

28. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

29. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 -бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

30. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.


Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

3.2 Магистратурада кешенді тестілеу, резидентура және докторантураға түсу емтихандарын өткізу тәртібі

1. Магистратураға жоғары білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар, резидентураға – жоғары білім және интернатураны меңгерген тұлғалар қабылданады.

2. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға (бұдан әрі – 2-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 10 беті

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшаға (бұдан әрі – 2-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

3. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Түсу емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

4. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 6,0;


TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 60;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 498;

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau C1/C1 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Franзais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franзaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franзaise) – C1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franзais), шекті балл кемінде – 50.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ ЖОО қабылдау кезінде ұсынылатын

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 11 беті

сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін қабылдау комиссиялары тексереді.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде ЖОО қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тілі" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

5. Докторантураға қабылдау екі кезеңде өткізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.


Докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 31 мамырына дейін қабылдау емтихандары басталғанға дейін жүргізіледі. Алдын ала іріктеуге қатысу үшін үміткерлер:

- қосымшасы бар жоғары білім туралы диплом;
- түйіндеме;
- мотивациялық хат (мамандық пен ЖОО таңдау себебі; болашақта мақсаттарды іске асыру бойынша жоспарлар; таңдалған мамандық қалай көмектесе алады; осы мамандық бойынша бұрын алған тәжірибесі мен білімі);
 - жалпыеуропалық құзыреттілікке сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификат (осы тараудың 8 пункты);
- ұсыным хаттар (оқытушы/декан және/немесе жұмыс беруші және/немесе ғылыми жетекші).

6. Алдын ала іріктеу кезінде докторантураға түсушілер үміткердің жеке ерекшеліктерін анықтау және кәсіби білімін, іскерлігін және дағдыларын анықтау үшін ауызша сұхбаттасудан өтеді.

Сұхбаттасу нәтижесі бойынша әрбір үміткерге емтихан қабылдаушылар хаттамасы толтырылады. Сұхбаттасудан кейін үміткер «өтті»/«өтпеді» нәтижесі бойынша қабылдау емтихандарына «жіберіледі»/«жіберілмейді».

7. Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген тұлғалар қабылданады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 12 беті

8. Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franzaais), шекті балл кемінде – 50;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.


Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

9. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін қабылдау комиссиясы тексереді.

10. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі	Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 13 беті

11. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар академияның профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері қатарынан құрылады.

12. Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

13. "ОҚМА" АҚ емтихан өткізгенге дейін жиырма күнтізбелік күн бұрын ҚР БҒМ докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарын өткізу кестесін жібереді.

14. Түсу емтихандары ауызша түрде өткізіледі.

15. Емтихан өткізу үшін бітіруші кафедралармен пән/білім бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасы (форма 044/267-03-2020) әзірленеді және оны ғылыми және клиникалық қызмет жөніндегі проректор бекітеді.

16. Ауызша түрде емтихан өткізу кезінде емтихан билеттері кемінде үш сұрақтан құралады. Емтихан нәтижелері бойынша әрбір емтихан тапсырушыға емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы (форма 044/267-01-2020), емтихан тапсырушының бағалау парағы (форма 044/267-02-2020) толтырылады. Баға әрбір мәселе үшін ашық дауыс беру жолымен бағалау парағына белгі қоя отырып, көпшілік дауыспен қойылады. Қорытынды баға барлық сұрақтар бойынша орташа баллды есептеу жолымен қойылады.

17. Бағалау ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. №595 "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі (форма 044/267-04-2020) бойынша жүргізіледі.


18. Резидентураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады.

19. Резидентура білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын білім беру бағдарламалары топтары бойынша емтихан комиссиясы өткізеді.

20. Қабылдау емтихандары ауызша түрде өткізіледі.

21. Емтихандарды өткізу үшін кафедралар пән/білім бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасын дайындайды және оны ғылыми және клиникалық қызмет жөніндегі проректор бекітеді (форма 044/267-03-2020).

22. Емтиханды ауызша түрде өткізу кезінде емтихан билеттері кемінде үш сұрақтан құралады. Емтихан нәтижелері бойынша әрбір емтихан тапсырушыға емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы (форма 044/267-01-2020) және емтихан тапсырушының бағалау парағы (форма 044/267-02-2020) толтырылады. Баға әрбір мәселе үшін ашық дауыс беру жолымен бағалау

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 14 беті

парағына белгі қоя отырып, көпшілік дауыспен қойылады. Қорытынды баға барлық сұрақтар бойынша орташа баллды есептеу жолымен қойылады.

23. Бағалау ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. №595 "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі (форма 044/267-04-2020) бойынша жүргізіледі.

24. Қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін емтихандар жұмыс берушілер мен "Атамекен" ҰКП өкілдерін тарта отырып, бейнебақылауда өткізіледі.

3.3 Апелляциялық комиссиялар жұмысы

1. "ОҚМА" АҚ түсу емтихандарын өткізгенге дейін жиырма күнтізбелік күн бұрын ҚР БҒМ және ҚР ДСМ докторантура мен резидентура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарын өткізу кестесін жібереді.

2. Докторантураға және резидентураға түсу емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.


3. КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР БҒМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

4. КТ қағаз форматта жүргізген кезде әр КТ өткізу пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

5. Апелляциялық комиссия докторантураға және резидентураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

6. Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

7. Апелляциялық комиссия және/немесе Республикалық апелляциялық комиссия түсу емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Басылым №3	
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі	Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 15 беті	

8. Магистратураға, докторантураға және резидентураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке беріледі.

9. Өтініштер түсу емтихандары мен КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

10. Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

11. КТ қағаз форматта өткізу кезінде КТ өткізу пунктінде орналасқан апелляциялық комиссия КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды. КТ өткізу пункттеріндегі апелляциялық комиссия апелляцияны қарау нәтижелерін Республикалық апелляциялық комиссияға жібереді.

12. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде КТ нәтижелеріне шағымданатын тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

13. КТ электрондық форматта өткізу кезінде түсуші апелляцияға тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде өтініш береді. Республикалық апелляциялық комиссия өтініштердің негізділігін тестілеу өткізілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі аралықта қарайды.


14. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

15. Апелляциялық комиссиялардың шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

16. Түсу емтихандары мен КТ өткізу кезінде тәртіпті сақтау мақсатында КТ өткізу пункттеріне және ЖОО-ға ҚР БҒМ өкілдері жіберіледі.

3.4 Білім алушылар қатарына оқуға қабылдау тәртібі

1. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға (бұдан әрі – 2-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 16 беті

25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшаға (бұдан әрі – 2-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.


Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға (бұдан әрі – 3-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

3. 3.2 тарауда көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

4. Докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

6. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 17 беті

тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

7. "ОҚМА" АҚ-на қабылдау кезінде докторанттар білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын өз бетінше таңдайды.

8. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша философия докторларын (PhD) нысаналы даярлауға тұлғаларды қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

9. Резидентураға тұлғаларды қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейінінен түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және/немесе түсу емтихандары бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:


1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін 1-қосымшаға сәйкес – кемінде 75 балл;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратура үшін 2-қосымшаға сәйкес – кемінде 50 балл;

3) резидентура үшін – кемінде 75 балл.

11. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтары бөлінісінде жоғары оқу орындары арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде қайтарылады.

12. Бұл ретте бірінші кезекте жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының тиісті тобы бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша негүрлым жоғары баллдары бар үміткерлер бар жоғары оқу орындарының өтінімдері қанағаттандырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының осы тобы бойынша үміткерлер болмаған кезде қайта бөлу жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлаудың тиісті бағыты жүзеге асырылады. Игерілмеген орындарды қайта

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі	Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 18 беті

бөлу уәкілетті органның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін бекітіледі.


13 "ОҚМА" АҚ Білім және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

3.5 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуға қабылдау тәртібі

1. Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер қабылдау комиссиясына күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін төмендегі құжаттарды тапсырады:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) КТ сертификаты және осы Ереженің 3.2 таруудың 4-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған жағдайда магистратура үшін);
- 4) балдары көрсетілген түсу емтиханын тапсырғаны туралы көшірме (резидентура үшін);
- 5) еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 6) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.


2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламалары топтары бойынша түсу емтихандарының балдарына сәйкес өткізіледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 19 беті


I қосымшасы

"Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты


1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (бұдан әрі - қызметті беруші)
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түсетін көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: магистратураға – күнтізбелік жылғы 15-28 тамыз аралығында; докторантураға- күнтізбелік жылғы 15-28 тамыз аралығында. КҰЖЖ қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүзеге асырылады.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық іріктеуден өткен ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық беру болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Жұмыс графигі	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті бе-

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі	Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 20 беті


	<p>рушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары:</p> <p>1) Министрліктің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz; 2) порталда: www.egov.kz орналастырылған</p>
8.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі</p> <p>1. Магистратураға немесе резидентураға түсуші тұлғалар: ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін түрде өтінішті; 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа); 3) интернатураны бітіргені туралы куәлік (резидентураға түсу үшін); 4) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет); 5) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет; 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама; 7) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат . 8) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін); 9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда). <p>Осы тармақтың 3), 7) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.</p> <p>Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.</p> <p>портал арқылы өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) жоғары білім туралы электрондық құжат; 3) интернатураны бітіргені туралы электрондық куәлік (резидентураға түсу үшін); 4) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық 5) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін); 6) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото; 7) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама; 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда). <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік аппараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.</p> <p>2. Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады: ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш; 2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі	Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 21 беті

	<p>түпнұсқасы);</p> <p>3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);</p> <p>4) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат.</p> <p>5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;</p> <p>6) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;</p> <p>7) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;</p> <p>8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар);</p> <p>9) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім саласы бойынша).</p> <p>Осы тармақтың 4) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.</p> <p>Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.</p> <p>портал арқылы өтініш жасаған кезде:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;</p> <p>2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми Консультантпен келісілген Жоспарланған диссертациялық зерттеу негіздемесінің электрондық құжаты;</p> <p>3) білімі туралы электрондық құжат;</p> <p>4) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат</p> <p>5) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото;</p> <p>6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;</p> <p>7) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);</p> <p>8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар).</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.</p>
9.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін толық емес құжаттар топтамасын ұсынған;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын белгіленген мерзімнен кеш ұсынған жағдайда.</p>
10.	<p>Мемлекеттік қызметті, оның</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;</p>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 22 беті


ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты- 15 минут (практиканы ескере отырып). Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.
--	---

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі	Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 23 беті

2-ші қосымша

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін
кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы


Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40
Барлығы			130	150

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 24 беті

2-1-ші қосымша

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы


Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/Орыс	30	30
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/Орыс	20	40
Барлығы			80	100

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 25 беті

3-ші қосымша

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы




Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/Орыс/ Ағылшын	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Ағылшын	30	30
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Ағылшын	20	40
Барлығы			80	100

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Басылым №3
«ОҚМА» АҚ-ның магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу тәртібі		Сәйкес номері П 044/267-2021 26 беттің 26 беті



Дайындалды:

Қызметі	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Тіркеу офісі басшысы	С. Сыздыкова	01. 06. 2021	

Тексерілді:

Қызметі	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармапсының басшысы	Ә. Жақсылық	01. 06. 2021	
ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің меңгерушісі	Ж. Садиева	01. 06. 2021	
Мониторинг және СМЖ секторының меңгерушісі	Н. Ержанов	01. 06. 2021	

Келісілді:

Қызметі	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Бірінші Проректор	М. Есиркепов	01. 06. 2021	
Ғылыми және клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Б. Нурмашев	01. 06. 2021	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О. Кабиштаев	01. 06. 2021	